

**2023 жылғы және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында
Атырау облысының жергілікті атқарушы органдары қатысатын
даулар бойынша талап арыз жұмысының, сот практикасының жай-
күйі**

*Жоба авторы:
Атырау облысы әкімі аппараты
мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы
Қабдешов Ержан Ғабитұлы*

Кіріспе

Атырау облысының жергілікті атқарушы органдары қатысатын даулар бойынша талап арыз жұмысының, сот практикасының жай-күйіне талдау. Осы жазбада сот практикасында анықталған кемшіліктерді болдырмау және тиісті шаралар қабылдау туралы баяндалған.

Мақсаты

Мемлекеттік органдардың қызметінде туындайтын, олардың әкімшілік актілеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану туралы талап қою арыздарын сотта қарау нәтижесінде анықталған мәселелер мен кемшіліктерді анықтау.

Мәселенің өзектілігі

Жергілікті атқарушы органдар тарапынан заңдылықты нығайту, дауларды болдырмау және сот актілерінің мемлекет пайдасына шешілуін қамтамасыз ету.

Ақпарат көздері

Талдау облыстық басқармалар, Атырау қаласы және аудан әкімдіктерімен ұсынған ақпараттарға және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының office.sud.kz сайтынан алынған сот актілерінің негізінде дайындалды.

**2023 жылғы және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында сот
практикасының жай-күйіне талдау**


2023 жылы және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Атырау облысының жергілікті атқарушы органдарының қатысуымен барлығы 597 іс қаралды. Олардың ішінде 2023 жылы - 402, 2024 жылдың 6-айында - 195 іс қаралды (*жақшаның ішінде 2024 ж. 6 айы*). Азаматтық сотта – 292 (**149**), әкімшілік сотта – 110 (**46**) іс қаралды.

№	Атауы	Барлық істер саны 2023/2024 (6 айы)
----------	--------------	--

1	Атырау облысы әкімдігі	116/64
2	Атырау қаласы әкімдігі	89/29
3	Жылыой ауданы әкімдігі	20/14
4	Құрманғазы ауданы әкімдігі	25/12
5	Қызылқоға ауданы әкімдігі	42/24
6	Индер ауданы әкімдігі	21/7
7	Исатай ауданы әкімдігі	20/8
8	Махамбет ауданы әкімдігі	28/19
9	Мақат ауданы әкімдігі	41/18
	Барлығы облыс бойынша:	402/195

Азаматтық істер

2023 жылы және 2024 жылдың 1-ші жартыжылдығында азаматтық соттарында барлығы 292 (149) азаматтық істер қаралды. Олардың ішінде 228 (115) іс немесе 78,1% (77,2%) жергілікті атқарушы органдарының талап арыздары бойынша қаралды.



2023 жылы және 2024 жылдың 1-жартыжылдығында жергілікті атқарушы органдармен берілген талап арыздардың басым көпшілігі 197 (90) мемлекеттік сатып алу шарттарына қатысты болып отыр. Атап айтқанда 121 (55) талап арыз мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы, 54 (28) - тұрақсыз айыбын, артық төленген қаржыны өндіру туралы, 22 (7) - шарты бұзу, кемшіліктерді қалпына келтіру, актілерді жарамды деп тану, кепілдік міндеттерін орындату дауларын құрап отыр.

Аталған санаттағы істер бойынша соттармен 100 (48) – қанағаттандырылды, 56 (48) – бас тартылды, 21 (10) – қараусыз қалдырылды, 16 (0) – тоқтатылды, 3 (0) – кері қайтарылды, 2 (3) – медиация тәртібімен шешілді.

Облыстық деңгейде жергілікті атқарушы органдардың 46 **(32)** яғни **77,8%** (74,4%) ісі облыстық басқармалардың талап арыздары негізінде қаралған. Талап арыздардың көпшілігі 38 (82,6%) **(28 (87,5%))** мемлекеттік сатып алу шарттарынан туындаған даулар, олардың ішінді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы 26 **(15)** іс қаралды, тұрақсыз айыбын, артық төленген қаржыны өндіру туралы талап арыздардың саны – 8 **(11)**, кемшіліктерді қалпына келтіру – 3 **(2)**, құрылысты аяқталды деп тану – 1(0).

Облыстық басқармалармен берілген 46 **(32)** талап арыздың 19 **(18)** сотпен қанағаттандырылып, 16 **(12)** - қанағаттандырудан бас тартылды, 0 **(2)** - медиация тәртібімен шешілді, 7 (0) - қараусыз қалдырылды, 2 (0) - тоқтатылды, 1 (0) – кері қайтарылды

Талдау көрсеткендей облыстық басқармалармен берілген талап арыздың қанағаттандыру көрсеткіші 42,2 % **(56,3%)** құрап отыр.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы сот шешімдерін зерделеу барысында жергілікті атқарушы органдардың талап арыздарын қанағаттандырудан бас тарту (16 **(12)**) себептерінің бірі Заңмен көзделген сотқа жүгіну мерзімін өткізу фактілері болып отыр.


Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Алайда, облыстық басқармалармен мемлекеттік сатып алу саласына қатысты талап қою барысында жоғарыда аталған Заң нормалары назарға алмай, сотпен бас тартылатынын біле тұра талап арызбен шағымданады, ал өз кезегінде осындай бұзушылықтар негізсіз ұтылатын сот процесстерінің санын көбейтеді.

2023 жылы жергілікті атқарушы органдарының талап арыздары негізінде коммуналдық меншікке қатысты 11 (7 - қанағаттандырылды, 2 - медиация, 2 - қараусыз қалдырылды), тұрғын үйге қатысты – 5 (2 –қанағаттандырылды, 3 - медиация), жер саласы бойынша – 3 (1 – бас тартылды, 1 – қараусыз қалдырылды, 1 - медиация), жер қойнауы саласы бойынша – 3 (2- қанағаттандырылды, 1- қараусыз қалдырылды), кәсіпкерлік саласында мақсатқа сай пайдаланбаған грант қаражатын қайтару туралы – 3 (1- қанағаттандырылды, 2 – қараусыз қалдырылды), мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шартын бұзу туралы – 2 (2 – қараусыз қалдырылды), өзге 4 (4-қараусыз қалдырылды) іс қаралды.


2024 жылдың 6-айында жергілікті атқарушы органдарымен жер қатынастары бойынша 14 (12-қанағаттандырылды, 2- қараусыз қалдырылды), тұрғын үй бойынша -1 (медиация), коммуналдық мүлік саласы бойынша – 2 (2-қанағаттандырылды), экология саласы бойынша – 1 (қанағаттандырылды), көтерме жәрдемақыны өндіру бойынша – 3 (қанағаттандырылды), грантты қайтару бойынша – 4 (қанағаттандырылды) талап арыз берілді.

2023 жылы және 2024 жылдың 6-айында жергілікті атқарушы органдар жауапкер ретінде 64 (34) іске қатысып, нәтижесі төмендегідей:



Әкімшілік істер

2023 жылы Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында барлығы 109 іс қаралды. Олардың ішінде жергілікті атқарушы органдарымен шығарылған шешімдері мен әрекеттеріне қатысты 96 іс қаралды.



96 істің 30 (31%), яғни жергілікті атқарушы органдарымен шығарылған шешімдері мен әрекеттері сотпен заңсыз деп танылған, 16 бас тартылып, 19 медиация тәртібімен шешілді, 31 сотпен кері қайтарылды.

Облыс деңгейіндегі жергілікті атқарушы органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты әкімшілік істерді зерделеу барысында 42 істің 17 мемлекеттік еңбек инспекторларымен шығарылған актілеріне шағымдалған. Сотпен жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік еңбек инспекторларының 3 актісі заңсыз деп танылып, 8 талап арыз қанағаттандырудан бас тартылды, 5 талап арыз сотпен кері қайтарылды, 1 дау бойынша татуласы рәсімі жасалды.

Бұдан басқа, жеке және заңды тұлғалар облыс әкімдігімен құрылған Атырау облысының COVID-19 коронавирусымен күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылған денсаулық сақтау ұйымдары жұмыскерлерін қаржылық қолдауды ұйымдастыру жөніндегі комиссия (4), жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға Мемлекеттік гранттардың беруге үміткер кәсіпкерлердің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия (4), мемлекеттік сатып алу комиссияларымен (4) шығарылған шешімдеріне шағымданған. Аталған комиссиялардың 8 шешімдері сотпен заңсыз деп танылды.

Сонымен қатар, облыстық прокуратурасының заң бұзушылықтарды жою туралы ұсынуын орындау мақсатында Атырау облысы Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен (бұдан әрі - Басқарма) 2 заңды тұлғалардың шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған қолданыстағы рұқсаттары кері қайтарылған. Алайда, заңды тұлғалар бұл шешімдер келіспей сотқа жүгініп, сот шешімдерімен Басқарманың шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған қолданыстағы рұқсаттарын кері қайтару әрекеттері заңсыз деп танылды.

Атырау қаласы атқарушы органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты 36 істің 7 сотпен қанағаттандырылды, 10 – медиация тәртібімен шешілді, 3 – бас тартылды, 14 – сотпен кері қайтарылды.

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Атырау облысының жергілікті атқарушы органдарының қатысуымен барлығы 45 әкімшілік іс қаралды. Олардың 39 ісі бойынша жергілікті атқарушы органдары жауапкер ретінде тартылды, 2 іс бойынша талап қоюмен сотқа жүгінді, 5 іс бойынша мүдделі және үшінші тұлға ретінде қатысты.

Жергілікті атқарушы органдары жауапкер ретінде тартылған 39 істің 14-і облыстық басқармалардың әрекеттеріне (әрекеттіксіздеріне), 25-і Атырау қаласы және аудандарға қатысты қаралды.

Жауапкер ретінде



Талдау көрсеткендей жеке және заңды тұлғалардың талап арыздарының басым көпшілігі жергілікті атқарушы органдардың жер қатынастары саласына қатысты шағарылған 18 шешімдерін даулап отыр, 8 талап арыз мемлекеттік сатып алу саласына қатысты, 5 талап арыз еңбек қатынастарына қатысты, 3-і сәулет, құрылыс саласына, 3-і тұрғын үй саласына, 2-і өзге мәселелер туралы болып отыр.

Жер қатынастары саласы бойынша қаралған 18 талап арыздың 8-і қанағаттандырылды, 5- бас тартылды, 3-і кері қайтарылды, 2-і медиациямен шешілді.

Мемлекеттік сатып алу саласы бойынша 8 істің тек 2-і қанағаттандырылды, 1-і бас тартылды, 5-і кері қайтарылды.

Еңбек қатынастарына қатысты істер бойынша 1 талап арыз қанағаттандырылды, 1-і бас тартылды, 2 қайтарылды.

Тұрғын үй қатынастары бойынша 3 талап арыздың 1-і қанағаттандырылды, 2-і қайтарылды.

Өзге 2 іс бойынша 1-і қанағаттандырылды (ауыл шаруашылығы саласы), 1-і бас тартылды (қоршаған ортаға қатысты).

Талдаумен анықталғандай, жеке және заңды тұлғалармен қойылған талап арыздардың басым бөлігі жер дауларынан туындаған.

Жер телімін сұрату, пайдалану мерзімін ұзарту, нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтініштерді қарау барысында жауапкерлер - жергілікті атқарушы органдардың тарапынан Жер кодексімен белгіленген комиссия отырыстарының аудио/видео жазбаларының болмауы, комиссия құрамы бойынша кворумның жоқтығы секілді заң бұзушылықтар анықталып отыр.

Осындай фактілердің негізінде яғни жер комиссия қызметінің әкімшілік рәсімдері сақталмағаны салдарынан жер комиссиялармен шығарылған шешімдер сотпен заңсыз деп танылып, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Жер кодексінің (бұдан әрі- Кодекс) және Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік – процестік кодексінде (бұдан әрі-ӘРПК) көзделген тәртіппен қайта қарау жолымен олардың бұзылған құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қалпына келтіру міндеттелген.

Қорытындылар

- Жергілікті атқарушы органдармен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарын қатаң сақтау.
- Барлық даулар бойынша сотқа дейін реттеу тәртібімен шешуді қолға алу.
- Бірінші басшылармен аталған талдауды көрсетілген кемшіліктерді болдырмау бойынша тиісті шаралар қабылдау.

Ұсыныстар

- Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арыздардын сотқа жүгіну мерзімдерін қатаң бақылауға алу.
- Мемлекеттік сатып алу шарттарының орындау мерзімдерін қадағалау, орындаушы тарапынан міндетемелерді орындамау жағдайларында келіссөздер жүргізу (*хабарлама жіберу, хат алмасу*) тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету.
- Жеке және заңды тұлғалардың жер пайдалану құқықтарын беру кезінде ҚР Жер кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, мерзімдерін бақылау.
- Жауапты қызметкерлердің кәсіби шеберліктерін арттыру бойынша шаралар қабылдау.